

2025 жылдың 12 айы бойынша
«Қазан жалпы орта білім беру мектебі» КММ
Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметі туралы есепті
талқылау өткізу туралы

Жұмыскер ауылы

2026 жылғы 13 наурыз
сағат: 15.00

Жиналыстың төрағасы: А.Нажмиденов

Күн тәртібі

2025 жылдың 12 айындағы «Қазан жалпы орта білім беру мектебі» КММ Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметі туралы есепті талқылау. «Қазан жалпы орта білім беру мектебі» КММ директорының м.а. А.Нажмиденов есепті ашып, «мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 6-тармағына сәйкес ауданның жергілікті атқарушы органдары, мүдделі жеке тұлға және заңды тұлғалардың қатысуымен Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерге жылына кемінде бір рет жария талқылау жүргізетінін түсіндірді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелерін реттейтін жергілікті атқарушы органдар қабылдаған және жоспарлаған іс-шаралар туралы халықты хабардар етуге бағытталған. Мемлекеттік қызметтердің сапасы, қызмет есептілігі мен ашықтығы, қолжетімділігі, мемлекеттік қызметтер көрсету процесін тұрақты жетілдіру, оларды көрсетудің үнемділігі мен тиімділігі қағидаттарын іске асыруды қамтамасыз етуге де арналған. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша барлық қатысушыларға Мемлекеттік қызмет көрсету жұмысы таныстырды. 2025 жылы «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметі мектепке оқуға түсуге үміткер оқушылардың ата-аналары мен заңды өкілдеріне көрсетілді, атап айтқанда Мемлекеттік қызмет көрсетілді. Қызмет алушылар тарапынан шағымдар жоқ. Есепті кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу жоқ. Талқылау кезінде қатысушыларға есепті талқылауды және Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға, көрсетуге қатысты бар мәселелер мен ұсыныстарын айтуды ұсынды. Қызмет алушылар мен мүдделі тұлғалардан сұрақтар мен ұсыныстар түскен жоқ.

Талқылау қорытындысы бойынша және Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету регламентін ұстану;
2. Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оның ішінде процестің сипаттамалары, ұсыну нысаны, мазмұны және нәтижесі, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесін сақтау.

Мектеп директорының м.а.

Хатшы



А.Нажмиденов

А.Кайдарова